

**1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 15 сәуірдегі № 278-VIII ҚРЗ.

1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 26 маусымда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

Ресми емес аударма

**1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға қатысушы мемлекеттер

Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын тануға өзара мүдделілікті негізге ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап**

1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Конвенцияның 6-бабы "азаматтық істер жөніндегі сот шешімдерін," деген сөздер "азаматтық істер бойынша сот шешімдерін, кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын (сот бұйрығы туралы ұйғарымдарды) (бұдан әрі - сот бұйрықтары)," деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Конвенцияның 51-бабының "а" тармақшасы "(бұдан әрі - шешімдер)" деген сөздерден кейін ", сот бұйрықтары" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Конвенцияның 53-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Шешімді, сот бұйрығын мәжбүрлеп орындауға рұқсат беру туралы өтінішхат

1. Шешімді, сот бұйрығын мәжбүрлеп орындауға рұқсат беру туралы өтінішхат шешім, сот бұйрығы орындалуға жататын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына

беріледі. Ол іс бойынша бірінші сатыда шешімді, сот бұйрығын шығарған сотқа да берілуі мүмкін. Осы сот өтінішхатты өтінішхат бойынша шешім шығаруға құзыретті сотқа жібереді.

## 2. Өтінішхатқа:

а) шешім, сот бұйрығы немесе олардың куәландырылған көшірмелері, сондай-ақ шешімнің, сот бұйрығының заңды күшіне енгені және орындалуға жататыны туралы немесе, егер бұл шешімнің, сот бұйрығының өзінен туындамаса, олар заңды күшіне енгенге дейін орындалуға жататыны туралы ресми құжат;

б) процеске қатыспаған, өзіне қарсы шешім шығарылған тараптың тиісті тәртіппен және уақтылы сотқа шақырылғаны, ал оның процестік әрекетке қабілетсіздігі жағдайында тиісті түрде өкілінің болғаны жөніндегі құжат; сот бұйрығы шығарылған жағдайда - аумағында сот бұйрығы шығарылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес сот бұйрығы (оның көшірмесі) борышкерге табыс етілгенін немесе жіберілгенін растайтын құжат (оның көшірмесі);

в) шешім, сот бұйрығы жөнелтілген кезде олардың ішінара орындалғанын растайтын құжат;

г) шарттық соттылық істер бойынша тараптардың келісімін растайтын құжат қоса беріледі.

3. Шешімнің, сот бұйрығының мәжбүрлеп орындалуына рұқсат беру туралы өтінішхаттың және оған қоса берілген құжаттардың сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың тіліне немесе орыс тіліне аудармасы куәландырылып қоса беріледі."

4. Конвенцияның 55-бабының "б" тармақшасы мынадай сөздермен толықтырылсын: "сот бұйрығы шығарылған жағдайда - аумағында сот бұйрығы шығарылған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес сот бұйрығы (оның көшірмесі) борышкерге табыс етілмесе немесе жіберілмесе;"

## 2-бап

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және Конвенцияның 83-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Хаттамаға ол күшіне енгеннен кейін барлық Уағдаласушы Тараптардың келісуімен басқа да мемлекеттер қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру арқылы қосыла алады. Депозитарий осындай қосылуға келісуі туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткен соң қосылу күшіне енді деп саналады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Экономикалық кеңесінің рәсімдері қағидалары 7-қағидасының 9-тармағында белгіленген тәртіппен орыс тілінде жасалды.

*Әзербайжан Республикасы үшін*

*И. Алиев*

*2025 жылғы 26 маусым*

*Ресей Федерациясы үшін*

*В. Путин*

*2025 жылғы 13 мамыр*

*Армения Республикасы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*

*Э. Рахмон*

*2025 жылғы 22 мамыр*

*Беларусь Республикасы үшін*

*А. Лукашенко*

*2025 жылғы 16 мамыр*

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Қ. Тоқаев*

*2025 жылғы 10 маусым*

*Қырғыз Республикасы үшін*

*С. Жапаров*

*2025 жылғы 12 мамыр*

*Түрікменстан үшін*

*С. Бердімұхамедов*

*2025 жылғы 23 маусым*

*Өзбекстан Республикасы үшін*

*Ш. МирзиҰев*

*2025 жылғы 16 мамыр*

*Молдова Республикасы үшін*

*Украина үшін*

Бұл құжатпен 1993 жылғы 22 қаңтарда қабылданған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманың ілеспе нұсқасының шынайы көшірмесі екенін растаймын. Бұл Хаттама Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі және Экономикалық кеңесінің іс жүргізу ережесінің 7-ережесінің 9-тармағына сәйкес ұйымдастырылып, қол қойылған нәтижелер бойынша рәсімделген. Жоғарыда аталған Хаттаманың ТМД Мемлекет басшылары Кеңесінің мүшелері қол қойған түпнұсқа даналары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақтаулы.

*ТМД Бас хатшысының  
бірінші орынбасары*

*Петришенко И.В.*

"1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Осымен 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер

енгізуге қатысты хаттаманың қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің  
Халықаралық құқық  
департаментінің директоры*

*А.Айткалиева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК